

МКҚК “Құлагер” бөбекжай-бақшасы

Хаттама №4

01.03.2024 ж.

кезектен тыс педагогикалық кеңес

Төрайымы: Жаубатырова Ж.М.

Хатшы: Бекбаулова А.К.

Қатысқандар: 4

Қатыспағандар : 0

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалауға дайындау және өзін-өзі бағалау комиссиясын құру туралы.

Ж.М.Жаубатырова

Тындалды:

1. Ж.М.Жаубатырова., ҚР ОАМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментінің бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдарды аттестаттаудан өту кестесімен таныстырды.

Мемлекеттік аттестаттау ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 05 желтоқсандағы № 486 “Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы” бұйрығына сәйкес алдындағы білім беру ұйымдарына бағалау оқу нәтижелеріне бағалау қолдану арқылы мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы (2021-2022, 2022-2023) мен ағымдағы оқу жылы 2023-2024 оқу жылы болып табылады.

Сонымен қатар, МКҚК “Құлагер” бөбекжай-бақшасының директоры Ж.М.Жаубатырова оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылатынын түсіндірді:

- 1) Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу талаптарына сәйкестігі;
- 2) Білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асыру;
- 3) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау;
- 4) Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын ересек жастағы тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы;
- 5) Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы және нәтижелері бойынша баланың жеке даму картасының талдауы;

6) Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.

7) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

8) Балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

9) Тәрбиеленушіні 1 сыныпқа қабылданғанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына “үлгілі” -5, “жақсы” -4, “жақсарту қажет етеді” -3, “төмен” -2 деңгейлерінің біріне сәйкескелетін өлшеуіштер және балл қолданылады.

Шешім:

1. Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау жоспары жасақталсын.

2. Төмендегі құрамда комиссия бекітілсін:

Комиссия төрайымы - Жаубатырова Жанар Мендығалиевна, бөбекжай-бақша басшысы;

комиссия мүшелері:

2.1 Бекбаулова Анаргуль Касаиновна – педагог-психолог,

2.2 Шульниязова Несибеля Баядилова - тәрбиеші

Төрайымы:  Жаубатырова Ж.М.

Хатшы:  Бекбаулова А.К.

